

*Жүре пайда болған
иммундық
дефицитінің
синдромы бар
пациенттерді және
оның туыстарын
оқыту*

Жоспары:

I.Кіріспе.

Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы туралы жалпы түсінік.

II.Негізгі бөлім.

A)ауруы анықтамасы,этиологиясы, симптомдары, синдромдары,тексеру жоспары

Б) Қауіп факторлары

В) Профилактика

Е)Статистикалық мәліметтер

III.Қорытынды.

Пациентті бағалау

Бұйрықтар:

- ❖ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV кодексі
- ❖ 19-тарау. Аитв инфекциясын жұқтырғандарға және житс-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету
- ❖ 112-бап. АИТВ инфекциясының және ЖИТС-тың профилактикасы, диагностикасы және оны емдеу мәселелеріндегі мемлекет кепілдіктері
Мемлекет АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға:
 - 1) тегін негізде ерікті түрде жасырын және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қараудың қолжетімділігі мен сапасына, динамикалық байқауды қамтамасыз етуге, психологиялық-әлеуметтік, заңдық және медициналық консультациялар беруге;
 - 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде медициналық көмекке және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге;
 - 3) әлеуметтік және құқықтық қорғауға;
 - 4) ауруының сипатына байланысты қандай да бір кемсітушілік нысандарына жол бермеуіне;
 - 5) АИТВ инфекциясының анадан ұрыққа берілу қаупін азайту жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға кепілдік береді.

Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы
- аса қатерлі вирустық дерт.

ЖИТС – адамның иммундық жүйесінің бұзылуынан пайда болатын ауру. Иммундық тапшылық әсері салдарынан бір немесе бірнеше қауіпті аурулар дамуы мүмкін (пневмония, туберкулез, рак және т.б.), бұл аурулармен адам ағзасы күресе алмайды.



ЖИТС

Этиологиясы

Қоздырушы - адамның
иммундық дефицит вирусы

Тексеру жоспары

- вирусты бөліп шығару
- АИТВ-ға дене қарсылығын анықтау
- АИТВ антигендерін анықтау



Симптомдары:

- Қалтырау,
- жөтелу,
- Лимфа жүйесінің ұлғаюы,
- Салмағының азаюы,
- Іштің өтуі,
- Басының ауруы,
- Әлсіздік,
- Еңбек қабілетінің төмендеуі ,
- Қатты шаршау,
- Ауыз қуысының қабынуы,
- Көз көруінің нашарлауы,
- Өкпенің қабынуы

ВИЧ - пен (ЖҚТБ) зақымдалу үшін қауіпті топтар мыналар:

1. Жыныс серіктерін жиі ауыстыратын еркектер.
2. Еркектер мен гомосексуальисті еркектердің қатынаста болуы.
3. Нашақорлардың топ ішінде вена арқылы қолданылуы.
4. Жыныстық серіктері көп әйелдер немесе жезөкшелікпен айналысатындар.
5. СПИД тараған жергілікті тұрғындармен жыныстық байланыста болатын адамдар.
6. СПИД - қа қарсы зерттелмеген донорлардан көп қан құйылған гемофилиямен ауыратындар.
7. ВИЧ - ті жұқтырған немесе СПИД - пен ауыратындармен жыныстық қатынастағы адамдар.
8. ВИЧ немесе СПИД - пен ауыратын анадан туған балалар.

Қазақстанда ЖИТС-пен күресу жұмыстары

Қазақстанда осы қауіпті ауруға қарсы күрес жүргізу мақсатымен мамандандырылған жаңа қызмет жүйесі құрылды. Оның құрамына республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-ке қарсы күресу және аурудың алдын алу орталықтары, диагностикалық лабораториялар мен анонимдік кабинеттер кіреді. Осындай қызмет жүйесінің күнделікті жұмысын Республикалық ЖИТС-тен сақтандыру комитеті басқарады. Бұл комитеттің ең басты мақсаты — ЖИТС вирусын жұқтырған адамды табу, оны тексеру және емдеуді жоспарлы түрде ұйымдастыру. Жоғарыда аталған ЖИТС орталықтары ұйымдастырушы, тәсілдеуші және емдеуші мекемелер ретінде жұмыс атқарады. Қазіргі кезде республикамызда ЖИТС-тен қорғану жөнінде жұмыс жүргізетін 20 орталық және 80 лаборатория бар.

Олардың жұмыс бағыттары мынадай:

Вирус жұғу мүмкіндігі бар «қатерлі топтарға» жататын адамдарды тексеріп, вирус жұққан адамдарды дер кезінде тауып отыру;

Ауру ошағын анықтап, дәрігерлік бақылауға алып, вирустың әрмен қарай тарауына, яғни басқа адамдарға жұғуына мүмкіндік бермеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Медико-деонтологиялық мәселелер

ЖИТС-пен ауыратын науқастар ЖИТС туралы, аурудың қауіптілігі туралы, берілу жолдарын білуі керек және ауруды басқаларға жұқтырудан сақтану керек.

Дәрігерлер тек ЖИТС-тің емін білуге емес, ЖИТС туралы науқастарды хабардар етуіге, аурудың актуальдығын, профилактикасын, онымен күресу жолдарын қарастыруы керек.




ЖИТС-пен науқастанудан сақтанудың маңызды шаралары мыналар:

әлеуметтік,
халықаралық,
мемлекеттік шаралар;

жеке басты қорғауға
бағытталған шаралар.

Әртүрлі инфекциялардан сақтанудың ең тиімді тәсілі
— **вакцина егу.**



Профилактиканың басты міндеті

ЖИТС тасымалдаушыларды анықтап, жұғу арнасын сенімді түрде жауып тастау. Осы мақсатта көптеген елдерде мынадай шаралар жүргізіліп жатыр: халықтың (тұрғындардың) кейбір топтарын сөзсіз және жоспарлы түрде лабораториялық тексеруден өткізу; донорлық, қанды, сперманы, органдарды тексеру; гемофилиямен ауыратындарды, нашақорларды, гомосексуалистерді, жезөкшелерді тексеру; ауырғандарды арнайы ауруханаға жатқызу және емдеу; сенім телефондарын ұйымдастыру; ЖИТС-пен ауырғандарға консультация және көмек беретін комиссия жұмысын ұйымдастыру; диагностикалық орталықтар, кабинеттер ашу т. б.

Тұрғындар арасында ЖИТС жөнінде санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізудің ерекше маңызы бар. Әркім аурудың қалай тарайтынын, одан қалай сақтану қажет екенін жетік білуі тиіс. Жалпы халықты, әсіресе балалар мен жастарды өнегелілікке, дұрыс жыныстық қатынас жасауға тәрбиелеу мәселесін жолға қоймайынша, ЖИТС-пен күресу мүмкін емес.

Профилактика

- салауатты, әдепті өмір сүру;
- кездейсоқ жыныстық қатынастан және гомосексуалист, жезөкшелермен жақындасудан сақ болу (жыныстық партнер көп болған сайын ЖИТС жұқтыру қаупі арта түседі. Г. В. Сколубовичтің. (1989) айтуы бойынша, «Жыныстық тәртіпсіздік, нашақорлық және жезөкшелік — ЖИТС вирусын жұқтыру кепілі»);
- стерильденбеген немесе кездейсоқ біреудің шприцін, қайшысын, сақал алғышын және басқа да құрал-жабдықтарын пайдаланбау;
- әсіресе терісі, шырышты қабаттары зақымданған жағдайда бөтен біреудің қанымен, бөлінділерімен жанасудан абай болу;
- презервативті дұрыс пайдалану (ол ЖИТС-тен қорғайды);
- қан құйғанда немесе донор қанынан дайындалған препараттар қабылданғанда олардың АИВ-ке тексерілгеніне көз жеткізу (ол үшін қолданылған қанның сериялық нөмерін жазып алыңыз);
- маникюр, педикюр жасайтын құралдардың стерильдігіне көңіл аудару;
- ЖИТС вирусын жұқтырып алдым-ау деген күмәнді жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну.

ЖИТС пен емделмейтін ауруға шалдыққан пациенттерді және олардың отбасы мүшелерін өмірін жеңілдету, оларға психоәлеуметтік және моральдық қолдау көрсету.

ЖИТС пен ауратын пациенттерге де паллиативті көмекті қажет етеді.

Паллиативтік көмектің негізгі мақсаты:

- емделушілердің соматикалық,
- психикалық және рухани жағдайларын жеңілдету,
- дерт азабынан жаны қиналған пендеге тән азабын сездірмеу,
- ажалды саналы түрде қарсы алуға септігін тигізу болып табылады.

Мамандар науқастарға қамқорлықпен және толық құқылы азамат ретінде қарайды.

- ЖИТС вирусын жұқтырған деген желеумен, оны жұмысқа қабылдаудан бас тартуға не жұмыстан шығаруға болмайды. Егер жұқтыру медициналық мекемеде орын алса, зейнетақымен қамсыздандыру белгіленеді. Емдеу орнына тегін барып-қайтуына жолақысы беріледі, дәрі-дәрмектер тегін босатылады, 14 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналарға уақытша еңбекке жарамсыздық жәрдемақысын төлеу арқылы, стационарда болуына мүмкіндік беріледі.

ЖИТС пен ауратын балалар - дені сау және белсенді болу керек, алайда олардың денсаулығына қауіп төніп тұрғанда, олардың қасындағы жақын адамдар, әсіресе ата-анасы өмірден түңіліп қалады.

Осындай жағдайда педиатриялық паллиативті қызмет көмектесе алады.



Ересек адамдар сияқты, психологиялық көмек аурудың белгісін жеңілдетіп, жақсы жағдай қалыптастыруға өз алдына мақсат қып қояды. Ол ем жүріп жатқан кезде физикалық, сезім мен рухани азаптан айығуға көмектеседі. Бірақ соның өзінде балаларға арналған паллиативті қызмет ересек адамдарға қарағанда, негізгі бағытпен ерекшеленеді.

Балалардағы ЖИТС

Балалық шақта қауіпті ауру сирек кездеседі, бірақ аурудың ағымын алдын-ала білу мүмкін емес. Бала өлім аузында болғанның өзінде бір мезетте сырқаттан айығып кетуі мүмкін. Және де аз ғұмыры қалған баланың өзі емхана мен аурудың құшағында өзін-өзі кейде жақсы сезінуі мүмкін. Тәрбиешілер мен оның ата-анасы баласының сырқаттан сауығып кетуі үшін қолынан келетін де, келмейтінде тіршіліктің бәрін жасайды.



Сырқатты түсіну

Физикалық және рухани азапты, ауру мен өлімнің мәнін балалар әрқайсысы өзінше түсінеді. Ал кішкентай бүлдіршіндер емделу үшін қажет шаралардан және диагностикадан өткенде, оның себебін мүлде түсінбейді.

Жанұяның мәселесі

Баланың ауруы анықталған кезде, жанұяның тұрақты өмірі мүлдем өзгереді. Балаларда ауыр сырқаттар сирек кездескеннен кейін, сырқат балалармен оның ата-аналарына үйден жиі алысқа кетуге тура келеді, яғни бұл ауруды емдейтін медициналық орталықтарға сапары басталады. Соның салдарынан жанұя өз қаражатын жоғалта бастайды. Жас жанұялар өз қаражатын тез бітіріп, баламен емханада бірге болу үшін жұмысынан айырыла кетеді. Ал баланың інілері мен қарындастары тиісті көңіл бөлуден қалады, себебі ата-ананың бар ойы сырқат балаға ауып қалады.



Психологиялық көмектің ең негізгі бөлігі – ол үміт. Тек қана емделу кезінде ғана үміттің сақталуы мен емделушіні жаман хабардан қорғау бірінші орынға шығады. Емделуші бала болған жағдайда, оны қорғау әрекеті күшейе түседі. Көп жағдайда оның ата-анасы, медбикелер мен дәрігерлер оның алдында аурудың болашағын жорытпайды, өйткені тек сонда ғана баланың сауығып кетуге үмітін әрі қарай жалғайды деп ойлайды. Бірақ осының өзінде зерттеулердің нәтижесі бойынша, тіпті кішкентай бүлдіршіннің өзі өз ауруының қаншалықты ауыр екенін сезінеді, ал бұл тақырыпта баламен ашық сөйлесу оның қорқынышын басады екен... Балалар ауруға байланысты өз сезімін жеткізу үшін паллиативті қызмет көрсететін мамандар жоғарғы санатты білікті болуы тиіс. Емделу кезінде мамандар баланың ойын, ән және де басқа әдістер арқылы ішкі-жанын ұға алады.



Жыныстық қатынастан сақтану шараларын оқыту

Жыныстық қатынас кезінде жаман аурулардан, жүктіліктен сақтану үшін өзіндік әдіс-тәсілдері бар.

-Әйелдер осы тұрғыда әр түрлі құралдар, кремдер, мазьдар пайдаланыңыз, ал негізі, ең тиімді әдіс мүшеқап болып табылады. Ол бактерияларды өлтіріп, сперматозоидті жойып, жүктіліктің алдын-алу үшін пайдаланылады.

-Еркектің ұрығын жатырға жібермей, жүктіліктің алдын алып, ВИЧ, СПИД сынды аурулардан сақтайды.

АҚТК/ЖҚТБ жұқтырғанда жағымсыз симптомдарындағы күтім



Ойылуды емдеу:

Терісі қызарып, ісіп қабыршақтанған болса:

- теріні құрғақ орамалмен сүрту немесе кварц шамымен емдеңіз;
- мацерация болған жерді сабынды салқын сумен жуыңыз;
- спиртпен сүртіңіз.

Күлбір пайда болса:

- күлбірге бриллиант көгінің спирттелген ерітіндісін жағыңыз;
- құрғақ таңғыш байлаңыз.

Некроз болса:


- хирургиялық ем.

Шаш күтімі

Әзірле: Бас жуатын табақша, сабын ерітіндісі, 38-40С жылы су, кружка, орамал.

Іс-әрекет алгоритмі:

- Мойын астына валик қойып, науқасты шалқасынан жатқызу.
- Басының астына ыдыс қою.
- Кружкамен суды алып, шашына құйып, сұйық сабынды шаш түбіне жағыңыз.
- Жақсылап жуып, құрғатып сүртіңіз.
- Егер ұзын шаш болса, бөліп тараңыз.
- Басқа салқын тимес үшін, орамалмен орап қойыңыз.



Емделушіге дәрет ыдысын немесе зәр жинағышты пайдалануға көмектесу (екі медбике орындайды)

Мақсаты: жеке тұлғалық гигиенасы ережелерін орындау

Көрсеткіштері: өзіне-өзі күтім жасай алмайтын емделушілерге күтім жасау

Әзірле: дәрет ыдысы немесе зәр жинағыш

Іс-әрекет алгоритмі:

1. Дәрет ыдысын жылы сумен шайып, ішіне аздап жылы су құю. Оның жиектері құрғақ болуын қадағалау.
2. Емделушіні бетпердемен қалқалау (қажет болса).
3. Емделушіні ыңғайлы етіп жатқызыңыз.
4. Емделушінің бөкселеріне дәрет ыдысын қойып, емделушіні қайтадан аударып, шатын дәрет ыдысына келтіреді.
5. Қолғапты шешіп, пайдаланған материалдарды салуға арналған лотокқа салу.
6. Емделуші «белгі» бергенде, медбикелердің біреуі қолғап киеді.
7. Емделушінің аснынан клеенканы алып тастау. Емделушіні көрпемен қымтап жауып, ыңғайлы етіп жатуына көмектесу. Бетпердені алып тастау.
8. Пайдаланған құралдарды залалсыздандыру.
9. Қол жуу (гигиеналық деңгей).

Ескерту: Егер емделушінің құйымшағында ойылған жерлер немесе басқа да жаралар болмаса, дәрет ыдысының тері тиетін жеріне тальк салып қоюға болады.

Құсып жатқан науқасқа көмек көрсету

Әзірле: клеенкадан тігілген алжапқыш, шелек немесе леген, сүлгі, құрғақ, таза, қақпағы бар шыны ыдыс, су немесе 1:5000 фурациллин ерітіндісі, зарарсыздандырылған лоток

Іс-әрекет алгоритмі:

- Науқасты тыныштандырыңыз.
- Отырғызып, клеенка алжапқышты кигізіңіз.
- Екі аяғының ортасына леген немесе шелек қойыңыз.
- Науқастың басын ұстаңыз.
- Құсып болғаннан соң, аузын сумен немесе 1:5000 фурациллин ерітіндісімен шайып, аузын сүлгімен сүртіңіз.



Пациентті оқыту тиімділігін бағалау:

- 1) ЖИТС қандай ауру?
- 2) Белгілірі қандай?
- 3) Жұғу жолдары қандай ?
- 4) ЖИТС –қа қарсы Вакцинация туралы хабарыңыз бар ма?
- 5) Алдын алу шараларын меңгердіңіз ба?

Қорытынды:

Қорыта айтқанда, әдепті өмір сүріп, отбасы бірлігі берік болса, арақ-шарап ішіп, наша тартудан, кездейсоқ жыныстық жақындасудан аулақ болса, әрбір адам өзін-өзі ЖИТС-тен қорғай алады.